**"Қазақстан Республикасының бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 1 сәуірдегі № 141 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 11 қазандағы № 457 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 30 қазанда № 8049 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013 жылғы 13 наурыздағы № 71 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 13.03.2013 № 71 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 1 сәуірдегі № 141 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6148 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшада:

бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасын осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшада:

Қазақстан Республикасының бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің құрылымысын осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес жазылсын.

2. Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаменті (А.Н. Қалиева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр Б. Жәмішев*

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2012 жылғы 11 қазандағы
№ 457 бұйрығына
1-қосымша

# Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасын

| Санат | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Сыныб | | | |
| | | Ішкі сыныб | | |
| | | | Ерекшілігі | |
| | | | | Атауы |
| 1 | | | | **Ағымдағы шығындар** |
| | 01 | | | Жалақы |
| | | 110 | | Еңбек ақы |
| | | | 111 | Қосымша ақшалай төлемдер |
| | | | 112 | Өтемақы төлемдері |
| | | | 113 | Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары және бюджет қаражаты есебінен жинақтаулы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары |
| | | | 114 | Еңбек ақы |
| | | 120 | | Жұмыс берушілерлердің жарналары |
| | | | 121 | Әлеуметтік салық |
| | | | 122 | Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар |
| | | | 123 | Міндетті сақтандыру жарналары |
| | | 130 | | Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарына жалақы төлеу және жарналар аудару |
| | | | 131 | Техникалық персоналдың еңбегіне ақы төлеу |
| | | | 132 | Патронат тәрбиешілердің еңбегіне ақы төлеу |
| | | | 133 | Негізгі жұмыс орны бойынша мәслихат депутаттарына орташа жалақыны өтеу |
| | | | 134 | Алқа билерге сыйақылар төлеу |
| | | | 135 | Техникалық персонал бойынша жұмыс берушілердің жарналары |
| | | | 136 | Көрсетілмеген қызметтердің ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар |
| | | | 137 | Қорғаушы мәжілістердің қызметтік сапарлар |
| | | 140 | | Приобретение запасов |
| | | | 141 | Приобретение продуктов питания |
| | | | 142 | Приобретение медикаментов и прочих средств медицинского назначения |
| | | | 143 | Приобретение, пошив и ремонт предметов вещевого имущества и другого форменного и специального обмундирования |
| | | | 144 | Приобретение топлива, горюче-смазочных материалов |
| | | | 149 | Приобретение прочих запасов |
| | | 150 | | Приобретение услуг и работ |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | 151 | Оплата коммунальных услуг |
| | | | 152 | Оплата услуг связи |
| | | | 153 | Оплата транспортных услуг |
| | | | 154 | Оплата аренды за помещение |
| | | | 155 | Оплата услуг в рамках государственного социального заказа |
| | | | 156 | Оплата консалтинговых услуг и исследований |
| | | | 159 | Оплата прочих услуг и работ |
| | | 160 | | Другие текущие затраты |
| | | | 161 | Командировки и служебные разъезды внутри страны |
| | | | 162 | Командировки и служебные разъезды за пределы страны |
| | | | 163 | Затраты Фонда всеобщего обязательного среднего образования |
| | | | 164 | Оплата обучения стипендиатов за рубежом |
| | | | 165 | Исполнение исполнительных документов, судебных актов |
| | | | 166 | Целевой вклад |
| | | | 167 | Особые затраты |
| | | | 169 | Прочие текущие затраты |
| | **02** | | | **Сыйақылар төлеу** |
| | | 210 | | Ішкі қарыздар бойынша сыйақы төлемдері |
| | | | 211 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің ішкі қарыздары бойынша сыйақыларды төлеу |
| | | | 212 | Жоғары тұрған бюджеттен жергілікті атқарушы органдар алған қарыздар бойынша сыйақы төлемдері |
| | | 220 | | Сыртқы заемдар бойынша сыйақылар (мүдделерді) төлеу |
| | | | 221 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы қарыздары бойынша сыйақы төлемдері |
| | **03** | | | **Ағымдағы трансферттер** |
| | | 310 | | Заңды тұлғаларға ағымдағы трансферттер |
| | | | 311 | Заңды тұлғаларға соның ішінде шаруа (фермер) қожалықтарына берілетін субсидиялар |
| | | 320 | | Жеке тұлғаларға берілетін трансферттер |
| | | | 321 | Арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдері |
| | | | 322 | Жеке тұлғаларға берілетін трансферттер |
| | | | 323 | Зейнетақылар |
| | | | 324 | Стипендиялар |
| | | 330 | | Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы трансферттер |
| | | | 331 | Субвенциялар |
| | | | 332 | Бюджеттік алып қоюлар |
| | | | 339 | Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы трансферттер |
| | | 340 | | Шетелге берілетін ағымдағы трансферттер |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | 341 | Шетелдегі ұйымдарға ағымдағы трансферттер |
| | | 350 | | Өзге де ағымдағы трансферттер |
| | | | 359 | Өзге де ағымдағы трансферттер |
| **2** | | | | **Күрделі шығындар** |
| | **04** | | | **Негізгі капиталды сатып алу** |
| | | 410 | | Негізгі құралдарды, материалдық емес және биологиялық активтерді сатып алу |
| | | | 411 | Жер сатып алу |
| | | | 412 | Үй-жайлар, ғимараттар мен құрылыстарды, беру қондырғыларын сатып алу |
| | | | 413 | Көлік құралдарын сатып алу |
| | | | 414 | Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу |
| | | | 416 | Материалдық емес активтерді сатып алу |
| | | | 417 | Биологиялық активтерді сатып алу |
| | | | 418 | Мемлекеттік кәсіпорындарды материалдық-техникалық жарақтандыру |
| | | | 419 | Өзге де негізгі құралдарды сатып алу |
| | | 420 | | Негізгі қаражатты күрделі жөндеу |
| | | | 421 | Жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды беру қондырғыларын күрделі жөндеу |
| | | | 422 | Жолдарды күрделі жөндеу |
| | | | 423 | Мемлекеттік кәсіпорындардың жайларын, ғимараттарын, құрылыстарын күрделі жөндеу |
| | | | 429 | Өзге де негізгі қаражатты күрделі жөндеу |
| | | 430 | | Дамуға бағытталған күрделі шығындар |
| | | | 431 | Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау |
| | | | 432 | Жолдар салу |
| | | | 433 | Кемелерді салу және жеткізу |
| | | | 434 | Ақпараттық жүйелерді құру, енгізу және дамыту |
| | | | 435 | Мемлекеттік мекемелердің жаңа объектілерін салу және қолдағы бар объектілерін реконструкциялау |
| | | | 436 | Бюджеттен бірлесіп қаржыландыру шартында концессиялық жобаларды іске асыру |
| | | 440 | | Дамуға арналған нысаналы трансферттер |
| | | | 441 | Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлерін дамытуға арналған нысаналы трансферттер |
| | | 450 | | Шетелге күрделі трансферттер |
| | | | 451 | Халықаралық ұйымдарға және шетелдік мемлекеттердің үкіметтеріне күрделі трансферттер |
| **3** | | | | **Бюджеттік кредиттер** |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **05** | | | **Бюджеттік кредиттер** |
| | | 510 | | Ішкі бюджеттік кредиттер |
| | | | 511 | Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған бюджеттік кредиттерді қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарға бюджеттік кредиттер |
| | | | 512 | Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға жергілікті атқарушы органдарға бюджеттік кредиттер |
| | | | 513 | Мамандандырылған ұйымдарға бюджеттік кредиттер |
| | | | 514 | Жеке тұлғаларға бюджеттік кредиттер |
| | | | 519 | Өзге де ішкі бюджеттік кредиттер |
| | | 520 | | Сыртқы бюджеттік кредиттер |
| | | | 521 | Шетелдік мемлекеттерге берілетін бюджеттік кредиттер |
| | | 530 | | Мемлекет кепілгерлігі |
| | | | 531 | Мемлекет кепілгерлігі |
| | | 540 | | Мемлекеттік кепілдік |
| | | | 541 | Мемлекеттік кепілдік |
| **4** | | | | **Қаржы активтерін сатып алу** |
| | **06** | | | **Қаржы активтерін сатып алу** |
| | | 610 | | Қаржы активтерін сатып алу |
| | | | 611 | Заңды тұлғалардың қатысу үлесін, бағалы қағаздарын сатып алу |
| | | | 612 | Квазимемлекеттік сектордың жарғылық капиталын қалыптастыру және ұлғайту |
| | | 620 | | Елден тысқары жерлерден қаржы активтерін сатып алу |
| | | | 621 | Халықаралық ұйымдардың акцияларын сатып алу |
| **5** | | | | **Қарыздарды өтеу** |
| | **07** | | | **Қарыздарды өтеу** |
| | | 710 | | Ішкі қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу |
| | | | 711 | Жоғары тұрған бюджет алдында негізгі борышты өтеу |
| | | | 712 | Ішкі нарықта орналастырылған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты өтеу |
| | | | 713 | Қарыздың ішкі шарты бойынша негізгі борышты өтеу |
| | | | 714 | Бюджет кредиттерінің пайдаланылмаған сомаларын қайтару |
| | | | 715 | Бюджеттік кредиттерді мақсатсыз пайдаланудың сомаларын қайтару |
| | | 720 | | Сыртқы қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу |
| | | | 721 | Сыртқы рынокта орналастырылған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты өтеу |
| | | | 722 | Қарыздың сыртқы келісім-шарттары бойынша негізгі борышты өтеу |

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 11 қазандағы № 457 бұйрығына 2-қосымша
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 1 сәуірдегі № 141 бұйрығына 2-қосымша

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БЮДЖЕТ ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЫНЫПТАМАСЫ ЕРЕКШЕЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

| Кіші сынып | Ерекшелік | Атауы | Анықтама | Шығындардың тізбесі |
|---|---|---|---|---|
| 110 | | **Жалақы** | | |
| | 111 | Еңбек ақы | Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне лауазымдық міндеттемелерін орындағаны үшін ақшалай төлемдер, лауазымдық жалақыға тұрақты сипаты бар және заңнамамен белгіленген, сондай-ақ мемлекеттік мекеме басшысының шешімі бойынша қосымша жұмыс үшін қосымша ақылар, үстемеақылар және көтерілімдер. Жеке табыс салығын, жинақтаушы | Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен ұсталатын органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 жарлығымен белгіленген әскери және арнаулы атақтар бойынша жалақылар, қосымша ақылар мен үстемеақылар;<br>«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысымен белгіленген азаматтық қызметшілердің |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын және жалақыдан алынатын өзге де ұстап қалуларды осы ерекшеліктен аударған жөн. | лауазымдық жалақылары, қосымша ақылары мен үстемеақылары; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мерзімнен тыс жұмысқа, түнгі уақыттағы, мереке күндері мен демалыс күндеріндегі жұмыстарға ақы төлеу, жыл сайынғы ақысы төленетін еңбек демалысының пайдаланылмаған күндеріне өтемақы төлемдері. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 131-бабына сәйкес белгіленген қосымша ақылар: лауазымдарды бірлесіп атқарғаны (қызмет көрсету аймағының кеңеюі) немесе уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындағаны үшін қосымша ақы. |
| | | | Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне берілетін ынталандыру, көтермелеу сипатындағы, сондай-ақ мемлекеттік мекеме басшысының шешімі | Саяси және мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің, судьялардың, алыс және таяу шет елдердегі Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшілерінің, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдердегі мекемелері қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің, арнайы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің, құқық қорғау органдары; Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен прокуратура органдары қызметкерлерінің қосымша ақшалай төлемдері: « Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылы 18 маусымдағы № 3038 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 21 наурыздағы № 825 Жарлығының 1-тармағы 5-тармақшасының 3-абзацына сәйкес қаржыландыру жоспары бойынша тиісті органды ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 112 | Қосымша ақшалай төлемдер | бойынша қосымша жұмыс істегені үшін ақшалай төлемдер. Жеке табыс салығы, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары және басқа ұстаулар. | есебінен мемлекеттік орган басшысының шешімімен белгіленген лауазымдық жалақыға үстемеақылар; мемлекеттік органдардың орталық аппараттары мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің сыйлықақысы. Қаржыландыру жоспары бойынша тиісті органды ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен мемлекеттік орган басшысының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары Төрағаларының шешімі бойынша төленетін сыйлықақылар. Басқа мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің қосымша ақшалай төлемдері: қаржыландыру жоспары бойынша тиісті мемлекеттік мекемені ұстауға көзделген қаражатты үнемдеу есебінен мемлекеттік мекеме басшысының шешімі бойынша қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына ынталандырушы үстемеақылар, сыйлықақылар; 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін келісімшарт бойынша солдат (матрос), сержант (старшина) қызметіне әскери қызметке алғаш кіріскен азаматтарға келісімшартты жасасу мерзіміне қарай біржолғы ақшалай сыйақылар. |
| | 113 | Өтемақы төлемдері | Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне берілетін өтемдік сипаттағы ақшалай төлемдер | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік және азаматтық қызметшілерді сауықтыруға арналған жәрдемақы; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өтемақы төлемдері, біржолғы жәрдемақылар;<br>Бюджет қаражатын үнемдеу есебінен мемлекеттік мекеме басшысының шешімі бойынша төленетін материалдық көмек. |
| | | | Осы ерекшелік бойынша республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 10 жылдан аз әскери қызмет, құқық қорғау | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 114 | Қосымша белгіленген міндетті зейнетақы жарналары | органдарында қызмет өтілі бар әскери қызметшілердің, арнайы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің, прокуратура, ішкі істер қызметкерлерінің, Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару жүйесі комитеті, қаржы полициясы органдары және мемлекеттік өртке қарсы қызмет қызметкерлерінің ақшалай қамту мөлшерінің 20%-ы мөлшерінде мемлекеттік және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары көрсетіледі. Жинақтаушы зейнетақы қорына судьяның ай сайынғы кірісінің 10 % мөлшерінде қосымша зейнетақы жарналары. | |
| 120 | | **Жұмыс берушілерлердің жарналары** | | |
| | 121 | Әлеуметтік салық | Мемлекеттік мекемелер бюджетке жүргізетін аударымдар, уақытша жұмысқа жарамсыздығы бойынша жәрдемақы төлеу | |
| | 122 | Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар | «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік мекемелердің Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төлейтін әлеуметтік аударымдары және әлеуметтік аударымдарды уақтылы төлемегені үшін өсімпұл | |
| | 123 | Міндетті сақтандыру жарналары | Осы ерекшелік бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде белгіленген көлік құралдары иелерінің міндетті азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру, мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің мемлекеттік міндетті жеке сақтандыру шығындары көрсетіледі | |
| 130 | **Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарына жалақы төлеу және жарналар аудару** | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 131 | Техникалық персоналдың еңбегіне ақы төлеу | Техникалық персоналға ақшалай төлемдер, сондай-ақ жеке тұлғалардан табыс салығы, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары және техникалық персоналдың төлемдеріне есептелетін жалақыдан басқа да ұсталымдар | |
| | 132 | Патронат тәрбиешілердің еңбегіне ақы төлеу | Осы ерекшелік бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес патронат тәрбиешілердің еңбегіне ақы төлеу жүзеге асырылады | Патронат тәрбиешілердің еңбегіне ақы төлеу «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына сәйкес мемлекеттік білім мекемелері тәрбиешілерінің еңбегіне ақы төлеу шарттарына ұқсас анықталады. |
| | 133 | Негізгі жұмыс орны бойынша мәслихат депутаттарына орташа жалақыны өтеу | Осы ерекшелік бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес негізгі жұмыс орны бойынша мәслихат депутаттарына орташа жалақыны өтеу жүзеге асырылады | |
| | 134 | Алқа билерге сыйақылар төлеу | Осы ерекшелік бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алқабилерге сыйақылар төлеу жүзеге асырылады | Алқабилерге сыйақылар төлеу « Алқабилер туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 16 қаңтардағы Заңына сәйкес жүзеге асырылады. |
| | 135 | Техникалық персонал бойынша жұмыс берушілердің жарналары | Мемлекеттік мекемелер әлеуметтік салық бойынша бюджетке жүргізетін аударымдар, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, уақытша жұмысқа қабілетсіздігі бойынша жәрдемақылар төлеу | «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңына сәйкес мемлекеттік мекемелер Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төлейтін аударымдар. |
| | 136 | Техникалық персоналдың ел ішіндегі іссапарлары мен қызметтік жол жүрулері | Техникалық персоналдың Қазақстан Республикасының шегінде қызметтік іссапарларға шығындар | Іссапарда болған уақытына тәуліктік;<br>баратын жеріне және кері қайтуға жол жүру бойынша шығыстар;<br>тұрғын үй-жай жалдау бойынша |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | шығыстар; заңнамада белгіленген басқа да шығындар. |
| | 137 | Алқабилердің іссапарлық шығыстары | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алқабилердің іссапарларына шығындар | |
| 140 | | **Қорлар сатып алу** | | |
| | 141 | Азық-түлік өнімдерін сатып алу | Мемлекеттік мекемелердің жеткізушілерге немесе бөлшектеп сатушыларға жеке қажеттілік үшін сатып алынған тамақ өнімдері үшін ақы төлеуі. Жекелеген мекемелердің асханаларда тамақтанғанына ақы төлеу. Контингент (оқушылар, мерзімді қызметтің әскери қызметшілері, курсанттар) көшпелі іс-шараларға қатысқан кезде оларды тамақтандыруға арналған шығындар 169-ерекшелік бойынша жүзеге асырылады. | Жеке пайдалану үшін мемлекеттік мекемелердің азық-түлік өнімдерін сатып алуы және сақтауы; арнайы тағам; жануарлардың тағамы; құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу кезінде кәсіби және ерікті апаттан құтқару қызметтерінің және құрылымдардың құтқарушылары үшін тағам сатып алу; мерзімді әскери қызметшілердің, әскери оқу орындары, ішкі істер органдарының оқу орындары курсанттарының, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 44-бабында көзделген жағдайларда басқа әскери қызметшілердің, сондай-ақ сотталғандардың, қылмыс жасауда күдіктілер мен айыпталушылардың тамақтануына ақы төлеу; казармалық жағдайдағы оқу орындарында арнаулы (әскери) курсанттарды және «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлерінің жекелеген санаттарын азық-түлікпен қамтамасыз ету; мемлекеттік мекеменің штат санында аспаздар көзделген жағдайда мектеп асханаларында тамақ өнімдерін сатып алу; егер штат санында аспаздар көзделмеген болса, онда оқушылар үшін тамақтануды ұйымдастыру бойынша қызметтерді шарт бойынша басқа |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | заңды тұлға жүзеге асырады және бұл шығындар 159-ерекшелік бойынша көрсетіледі. |
| | 142 | Дәрі-дәрмектер және медициналық мақсаттағы өзге де құралдарды сатып алу | Мемлекеттік мекемелердің дәрі-дәрмектер мен бір жолғы және бірнеше рет пайдаланылатын медициналық мақсаттағы өзге де құралдарды сатып алуға арналған шығындары; Сондай-ақ осы ерекшелік бойынша ветеринарлық препараттар, атрибуттар мен ветеринарлық мақсаттағы заттарды сатып алуға арналған шығындар көрсетіледі. | Дәрі-дәрмектер мен байлап-таңу құралдарын, медициналық құрал-саймандарды және өзгелерді сатып алу; қан сатып алу; биопрепараттар сатып алу; ветеринарлық препараттар мен ветеринарлық мақсаттағы заттарды сатып алу. |
| | 143 | Заттық мүліктерді, нысанды және Арнаулы киім-кешектер сатып алу , тігу және жөндеу | Нысанды киім және айыру белгілерін сатып алуға, тігуге және жөндеуге арналған шығындар және басқа заттай мүлікті, нысанды және арнаулы киім-кешектерді, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, сондай-ақ заттай мүлікті, нысанды және арнаулы киім-кешектерді сатып алудың орнына ақшалай өтемақылар. | |
| | 144 | Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу | Барлық отын түрлерін сатып алуға, тасымалдауға, тиеуге, түсіруге және сақтауға арналған шығындарды қоса алғанда, отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алуға арналған шығындар. | |
| | 149 | Өзге де қорларды сатып алу | 141-144-ерекшеліктер бойынша көзделмеген материалдар мен басқа да қорларды сатып алуға арналған шығындар. Сондай-ақ осы ерекшелік бойынша әскери мақсаттағы заттар мен материалдар сатып алуға арналған шығындар көрсетіледі. | Құрылыс материалдарын, оқу, ғылыми-зерттеулер мен басқа да мақсаттар үшін материалдар, шаруашылық материалдары мен кеңсе заттарын, қосалқы бөлшектер, басқа да қорлар сатып алу. |
| 150 | | **Қызметтер мен жұмыстарды сатып алу** | | |
| | | | Коммуналдық қызметтерге ( суға, газға, электр энергиясы және жылытуға) төлеуге арналған шығындар. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 151 | Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу | Мемлекеттік мекемелер ғимараттар мен үй-жайларды, мемлекеттік мекеме болып табылмайтын ұйымдардан ( теңгерім ұстаушыдан) жалға алған жағдайда, мемлекеттік мекеме (жалгер) осы ерекшелік бойынша коммуналдық қызметке ақы төлеуге арналған қаражатты теңгерім ұстаушының шотына аударады. | Ыстық, суық суға, кәрізге ақы т ө л е у ;<br>газға, электр энергияға ақы төлеу;<br>тұтынылған; қызметтерге уақтылы ақы төлемегені үшін өсімпұл. |
| | 152 | Байланыс қызметтеріне ақы төлеу | Байланыстың барлық түрлерінің қызметтеріне, оның ішінде байланыс қызметтерін жеткізуші көрсететін байланыс арналарын орнату (қосу), үзіп тастау жөніндегі қызметтерге ақы төлеу. | телефондар үшін абоненттік ақы;<br>қалааралық сөйлесу;<br>ұялы байланыс;<br>почта-телеграф шығындары;<br>үкіметтік байланыс;<br>ф а к с ;<br>электронды почта;<br>арнайы байланыс;<br>спутникті байланыс;<br>т е л е т а й п ;<br>радио және байланыстың басқа да түрлері. |
| | 153 | Көліктік қызмет көрсетулерге ақы төлеу | Темір жол, теңіз, жүк, әуе және автомобиль көлігінің қызметтеріне арналған шығындарды қоса алғанда, мемлекеттік мекемелерге заңды және жеке тұлғалар көрсететін көліктік қызметтерге арналған шығындар. Бұған, сондай-ақ тасымалдау үшін заттарды дайындауға арналған шығындар кіреді. | Көлікті жалдау;<br>жабдықтарды, материалдарды, арнайы контингентті, қару-жарақ, әскери техниканы, әскерге шақырылғандарды тасымалдауға ақы төлеу және өзге де тасымалдар. |
| | 154 | Үй-жайды жалға алу төлемдері | Бұл ерекшелік бойынша үй-жайларды, ғимараттарды жалға алғаны үшін төлемақы көрсетіледі. Жалға алынған үй-жайды, ғимаратты ұстауға, коммуналдық қызметтерге арналған шығындар, электр энергиясына, жылуға арналған шығындар тиісті ерекшеліктер бойынша жіктеледі. | |
| | 155 | Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде қызметтерге ақы төлеу | Әлеуметтік бағдарламалар мен жобалар бойынша үкіметтік емес ұйымдар көрсететін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберіндегі қызметтерге ақы төлеу. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 156 | Консалтингтік қызметтер мен зерттеулерге ақы төлеу | Консалтингтік қызметтер мен зерттеулерге ақы төлеуге арналған шығындар. | |
| | 159 | Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу | Осы ерекшелік бойынша 151-156 ерекшеліктерде көрсетілмеген, заңды және жеке тұлғалар көрсететін қызметтерге, жұмыстарға ақы төлеу жөніндегі шығындар көрсетіледі, оның ішінде: ғимараттарды, үй-жайларды, жабдықтарды, көлік және басқа да негізгі құралдарды ұстау жөніндегі қызметтер; республикалық немесе коммуналдық меншіктегі ғимараттар мен үй-жайларды, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және кәріздеу жүйесін ағымдағы жөндеу, сондай-ақ жабдықтарды, көлік және басқа негізгі құралдарды ағымдағы жөндеу. Заңды және жеке тұлғалар көрсететін қызметтердің, жұмыстардың құнына тауарлар, материалдар сатып алу кіретін жағдайларды қоспағанда, ғимараттарды, үй-жайларды, көлік және басқа да негізгі құралдарға қызмет көрсету және ұстау және оларды ағымдағы жөндеу үшін қажетті тауарларды, материалдарды сатып алу «Басқа қорларды сатып алу» деген 149-ерекшелік бойынша көрсетіледі. қызметтерге, жұмыстарға ақы төлеу жөніндегі шығындар көрсетіледі. | Шарт бойынша заңды және жеке тұлғалар көрсететін қызметтер, жұмыстар, оның ішінде банк қызметтері;<br>еңбек шарттары бойынша штаттан тыс қызметкердің, еңбегіне ақы төлеу, сондай-ақ штаттан тыс жұмыскерлерге төлеуге есептелетін жалақыдан ұстап қалу, жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы, жұмыс берушілердің жарналары;<br>штаттан тыс жұмысшылар мен жүргізушілердің еңбек шарты бойынша іссапар шығындарына ақы төлеу, тірек-қозғалу аппаратының функциялары бұзылған мүгедектерге көлік қызметтерін көрсеткені үшін төлем; патронат тәрбиешілерінің еңбекақысын төлеу; демалыс кезеңінде мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитындарға жеңілдікпен жол жүруге төлеу. |
| 160 | | **Басқа да ағымдағы шығындар** | | |
| | 161 | Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар | Қазақстан Республикасы шегіндегі қызметтік іс-сапарларға арналған шығындар. | Іс-сапарда болған уақыт үшін тәуліктік шығыстар;<br>баратын жерге және кері жол жүру жөніндегі шығыстар;<br>тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстар;<br>заңнамада белгіленген басқа да шығыстар |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 162 | Елден тыс жерлерге іссапарлар мен қызметтік сапарлар | Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге қызметтік іс-сапарларға арналған шығындар. | Іс-сапарда болған уақыт үшін тәуліктік шығыстар; баратын жерге және кері жол жүру жөніндегі шығыстар; тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстар; заңнамада белгіленген басқа да шығыстар |
| | 163 | Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорының шығындары | «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердегі аз қамтылған отбасылардан шыққан аса мұқтаж оқушыларға қаржылық және материалдық көмек көрсетуге арналған шығындар. | Киімдерді, аяқ киімдерді, оқулықтарды, оқу құралдарын, мектеп жазба керек жарақтарын сатып алу; ақшалай көмек көрсету; санаторий-курорттық мекемелерге және демалыс лагерлеріне жолдамалар сатып алу; оқушылардың мәдени бұқаралық және спорттық іс-шараларға қатысуын қаржылық қамтамасыз ету. |
| | 164 | Шетелдегі стипендиаттардың оқуына ақы төлеу | Шетелде кадрларды даярлаудың халықаралық бағдарламасын іске асыру бойынша шетелдегі стипендиаттардың оқуына ақы төлеу. | Шетелде кадрларды даярлаудың халықаралық бағдарламасы шеңберінде стипендиаттарды оқыту және тағылымдамадан өту ақысын төлеу, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша оқу ақысын төлеу. |
| | 165 | Атқарушылық құжаттарының, сот актілерінің орындалуы | Бұл ерекшелік бойынша атқару құжаттарын орындау жөніндегі шығындар көрсетіледі. Тартылатын заңгерлерге, консультанттарға ақы төлеу жөніндегі шығындар 159-ерекшелік бойынша көрсетіледі, мемлекеттік баж төлеу 169-ерекшелікте көрсетіледі. | |
| | 166 | Нысаналы салым | Дербес білім беру ұйымдарының қызметтерін және олардың ұйымдастырылуын қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін айрықша қордың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын коммерциялық емес ұйымға және (немесе) білім берудің дербес ұйымының қызметіне бюджеттен өтеусіз және қайтарымсыз төлемдер. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 167 | Ерекше шығындар | Құқық қорғау органдарындағы, ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс органдарындағы ерекше шығындар. | Мемлекеттік құпиялар, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру, елдің қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген міндеттер мен өкілеттіктерге сәйкес мемлекеттік органдар іске асыратын іс-шараларға арналған шығындар |
| | | | | Әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік органдарының, ішкі істер органдары мен қаржы полициясының қызметкерлерін және сотталғандарды жерлеуге арналған шығындар; халықты әлеуметтік қорғау органдарының мектеп-интернаттарының қамқорындағыларды жерлеуге арналған шығындар; өкілеттік шығындар; жеке табыс салығын уақтылы аудармағаны үшін өсімпұл, айыппұл; міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы төлемегені үшін өсімпұл; айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы, комиссиялық төлемдер, кіру жарналары; Қоршаған ортаны эмиссия үшін төленетін төлемақы, мемлекеттік баж, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, олар бойынша өсімпұл және айыппұлдар (121-ерекшелік бойынша төленетін әлеуметтік салықтан басқа); саяси партиялардың қызметін қаржыландыру; сайлауларды өткізу: кандидаттардың мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеуі; кандидаттардың сайлау алдындағы көпшілік іс-шаралар өткізуі және үгіт-насихат материалдарын шығаруы; кандидаттардың көліктік шығындары (көлік жалдау, жанар-жағармай); Заңнамалық актілерге сәйкес |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 169 | Өзге де ағымдағы шығындар | Бұл ерекшелікте басқа ерекшеліктерге жатқызылмаған ағымдағы шығындар көрсетіледі. | мәдени, спорттық және басқа да іс-шаралардың жеңімпаздары мен қатысушыларына жүлделер, естелік сыйлықтар, ақшалай сыйақылар, қызметкерлерге, жеке тұлғаларға, басқа да ақшалай төлемдер; бостандығын шектеу, қамау немесе бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуден босатылатын тұлғалар үшін тұратын жеріне дейін жол жүру билеттерін сатып алу; мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің іссапар шығыстарынан басқа, сапарға шығу арқылы өткізілетін іс-шараларға байланысты шығындар (жол жүру, тұру, тамақтану); мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде оқитындардың жекелеген санаттарына демалыс кезеңінде жеңілдікпен жүруін өтеуге арналған шығыстар; Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің — Елбасының қорын толықтыру мен ұстауға, жеке кітапханасы мен жеке мұрағатын сақтауға көзделген шығыстарды қаржыландыру; автокөлік құралдарының міндетті техникалық тексеру бойынша шығындар; Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Қазақстанның жоғарғы оқу орындарына шетел мамандарын тартуға арналған шығыстар; басқа ерекшеліктер бойынша жіктелмейтін басқа да шығыстар. |
| 210 | | **Ішкі қарыздар бойынша сыйақы төлемдері** | | |
| | 211 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің ішкі | Ішкі капитал рыноктарында қарызға алынған қаражатты пайдаланғаны үшін сыйақы төлемдері (мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды, екінші деңгейдегі | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | қарыздары бойынша сыйақыларды төлеу | банктерден алынған кредиттерді орналастыру нысанында және басқа да нысандарда). | |
| | 212 | Жоғары тұрған бюджеттен жергілікті атқарушы органдар алған қарыздар бойынша сыйақы төлемдері | Жоғары тұрған бюджеттен жергілікті атқарушы органдар алған қарыздар бойынша сыйақы төлемдері. | |
| 220 | **Сыртқы заемдар бойынша сыйақылар (мүдделерді) төлеу** | | | |
| | 221 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы қарыздары бойынша сыйақы төлемдері | Сыртқы капитал рыноктарында қарызға алынған қаражатты пайдаланғаны үшін сыйақы төлемдері (мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды, халықаралық қаржы ұйымдарынан, шетел мемлекеттерінің үкіметтерінен, шетелдік коммерциялық банктер мен фирмалардан алынған кредиттерді орналастыру нысанында). | |
| 310 | **Заңды тұлғаларға ағымдағы трансферттер** | | | |
| | 311 | Заңды тұлғаларға соның ішінде шаруа (фермер) қожалықтарына берілетін субсидиялар | Мемлекеттік мекеме және қоғамдық бірлестік болып табылмайтын заңды тұлғаларға және шаруа ( фермер) қожалықтарына берілетін субсидиялар. | |
| 320 | **Жеке тұлғаларға берілетін трансферттер** | | | |
| | 321 | Арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдері | Осы ерекшелік бойынша « Қазақстан Республикасының арнайы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы және « Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдері бойынша шығындар көрсетіледі. | |
| | | | Жеке тұлғалардың иелігіндегі кірісті ұлғайтуға, не шығындардың немесе зияндарының белгілі бір | Әлеуметтік төлемдер; әлеуметтік көмек; заңнамаға сәйкес қызметкерлер мен қызметшілерге олардың еңбек міндеттерін атқаруға байланысты мертігуден не денсаулығының өзге де зақымдалуынан келген |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 322 | Жеке тұлғаларға берілетін трансферттер | түрлерін толық немесе ішінара өтеуге арналған ақшалай нысандағы төлемдер. Жергілікті өкілетті органдар жеке тұлғаның (алушының) жазбаша өтініші бойынша жәрдемақыларды қызметтерді жеткізушілердің шотына аударуды көздейтін тұрғын үй көмегін көрсету тәртібін белгілеген кезде бұл шығындар осы ерекшелік бойынша жүзеге асырылады. Өтемақылардан алынатын ұстап қалулар осы ерекшелік бойынша аударылады. | залалдың орнын толтыру; мерзімді әскери қызметшілерге,әскери ( арнайы) оқу орындарының курсанттарына демалысқа ( каникулға) кеткен кезде азық-түлік үлесінің орнына берілетін ақшалай өтемақы; «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы » 2012 жылғы 16 ақпандағы және «Қазақстан Республикасының арнайы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңдарда көзделген жағдайларда шығындар мен өтемақылардың орнын толтыру;<br>жеке тұлғаларға берілетін басқа да трансферттер. |
| | 323 | Зейнетақылар | Бұл ерекшелік бойынша зейнетақы төлемдері көрсетіледі. | |
| | 324 | Стипендиялар | Бұл ерекшелік бойынша стипендиялар, ішкі істер органдарының, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдардың офицер құрамы қатарынан күндізгі оқу нысаны бойынша оқып жатқан әскери оқу орындары, арнаулы оқу орындары тыңдаушыларының, адъюнкттердің, магистранттардың, докторанттардың стипендияларын, ақшалай жабдықталуын төлеу жөніндегі шығындар көрсетіледі.<br>Ішкі істер органдарының, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдардың офицер құрамының және басшы құрамының қатарынан күндізгі оқу нысаны бойынша оқып жатқан әскери оқу орындары, арнаулы оқу орындары тыңдаушыларының, адъюнкттердің, магистрантарының, доктаранттарының ақшалай жабдықталуы мөлшерінің 20% -ы мөлшеріндегі міндетті | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | зейнетақы жарналарын аудару ; Әскери (арнайы) оқу орындарының (әскери факультеттердің) курстанттарының 20% мөлшеріндегі лауазымдық жалақысын (стипендияларын) аудару осы ерекшелік бойынша жүргізіледі. | |
| 330 | | **Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы трансферттер** | | |
| | 331 | Субвенциялар | Республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне, облыстық бюджеттен аудандық ( қалалық) бюджеттерге берілетін субвенциялар. | |
| | 332 | Бюджеттік алып қоюлар | Аудандық (қалалық) бюджеттен облыстық бюджетке немесе облыстық бюджеттен және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерінен республикалық бюджетке алынатын бюджеттік алып қоюлар. | |
| | 339 | Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы трансферттер | Бюджеттердің 341, 342-ерекшеліктер бойынша жіктелмейтін әр түрлі деңгейлері арасындағы трансферттер. | |
| 340 | | **Шетелге берілетін ағымдағы трансферттер** | | |
| | 341 | Шетелдегі ұйымдарға ағымдағы трансферттер | Республиканың халықаралық ұйымдардағы мүшелігіне байланысты шығындар. | Халықаралық ұйымдарды үлестік ұстау ; мүшелік жарналар; донорлық жарналар; халықаралық ұйымдарға кіру жарналары және көпжақты конвенциялар. |
| 350 | | **Өзге де ағымдағы трансферттер** | | |
| | 359 | өзге де ағымдағы трансферттер | Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 42-бабы 3-тармағында көзделген жағдайларда облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінен облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қаланың, | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | астананың бюджеттеріне берілетін трансферттер. | |
| 410 | | **Негізгі құралдарды, материалдық емес және биологиялық активтерді сатып алу** | | |
| | 411 | Жер сатып алу | Мемлекеттік жердің, ормандардың, ішкі сулардың және пайдалы қазбалардың кен орындарының кез келген түрлерін сатып алуына жұмсалатын шығындар. Егер мемлекет сатып алған жерде құрылыс тұрған болса, құрылыстың құны жердің құнынан бөлек бағалануы тиіс , құрылысты сатып алуға жұмсалатын шығындар 412 ерекшелікке жатқызылуы тиіс. Егерде құрылысты сатып алуға жұмсалатын шығындарды жерді сатып алуға жұмсалатын шығындардан бөлу мүмкін болмаса жердің және құрылыстың құнын не осы ерекшелікке, не жердің немесе құрылыстың бағасы неғұрлым құнды болуына қарай, 412 ерекшелікке жатқызылуы қажет.<br>Құрылыс жобасының құнына енгізілген мемлекет қажеттілігі үшін жер телімдерін сатып бойынша өтемақыға жұмсалатын шығындар және осымен байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру осы ерекшелік бойынша көрсетіледі. | |
| | 412 | Үй-жайлар, ғимараттар мен құрылыстарды, беру қондырғыларын сатып алу | Үй-жайлар, ғимараттар және құрылыстар, беру қондырғыларын сатып алуға жұмсалатын шығындар, сондай-ақ үй-жайлар, ғимараттар мен құрылыстар орналасқан жерді сатып алуға жұмсалатын шығындар. Егер сатып алынған үй-жайлардың, ғимараттардың және құрылыстардың құны ғимаратпен бірге сатып алынған, мысалы жабдықтар, | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | активтердің құнына енгізілсе, онда оларға жұмсалатын шығындар осында көрсетіледі. | |
| | 413 | Көлік құралдарын сатып алу | Көлік құралдарын сатып алуға жұмсалатын шығындар. Сондай-ақ осы ерекшелік бойынша әскери мақсаттағы жабдықтарды сатып алуға жұмсалатын шығындар көрсетіледі. | |
| | 414 | Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу | Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу. Сондай-ақ осы ерекшелік бойынша әскери мақсаттағы көлік құралдарды сатып алуға жұмсалатын шығындар көрсетіледі. | |
| | 416 | Материалдық емес активтерді сатып алу | Материалдық емес активтерді сатып алу. | |
| | 417 | Биологиялық активтерді сатып алу | Биологиялық активтерді сатып алуға жұмсалатын шығындар. | |
| | 418 | Мемлекеттік кәсіпорындарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу үшін республикалық немесе коммуналдық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыру. | |
| | 419 | Өзге де негізгі құралдарды сатып алу | 411-414 ерекшеліктер бойынша көрсетілмеген өзге де негізгі құралдарын сатып алуға жұмсалатын шығындар | |
| 420 | | **Негізгі қаражатты күрделі жөндеу** | Осы кіші сыныпта жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды күрделі жөндеуге және қайта жаңғыртуға арналған шығындар көрсетіледі. Осы шығындар күрделі жөндеумен және қайта жаңғыртуға, әлеуметтік салық, жинақтаушы зейнетақы қорына жарналармен, күрделі жөндеу мен қайта жаңғырту үшін қажетті заттарды, материалдар мен жабдықтарды сатып алумен айналысатын жұмысшылардың жалақысын (оның ішінде жалақыдан ұстауды), жобалау ( | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | жобалау-сметалық) құжаттамасының, жобалар сараптамасының, инжинирингтік қызметтердің шығындарын, техникалық қадағалау қызметтерін, сондай-ақ күрделі жөндеу мен қайта жаңғырту шаруашылық тәсілімен немесе келісімшарт бойынша қандай да бір тәсілмен жүргізілетіндігіне қарамастан күрделі жөндеу мен қайта жаңғыртуға тікелей байланысты өзге де шығындарды қамтуы мүмкін. | |
| | 421 | Жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды беру қондырғыларын күрделі жөндеу | Жайларды, үйлерді, құрылыстарды, беру қондырғыларын, сумен қамту жүйелері мен желілерін, кәрізді, электрмен қамтамасыз етуді, жылумен қамтамасыз етуді күрделі жөндеуге және қайта жаңғыртуға байланысты шығындар. | |
| | 422 | Жолдарды күрделі жөндеу | Әуеайлақ жолдарын және ұшу-қону жолақтарын күрделі жөндеуге байланысты шығындар. Ағымдағы жөндеу, ұстау, көгалдандыру, сондай-ақ орташа жөндеу ( ойықтарды толтыру, сүйірленген жол учаскелерінің қайта төсеу) 159 -ерекшелікте өзге қызметтер ретінде жіктеледі. | |
| | 423 | Мемлекеттік кәсіпорындардың жайларын, ғимараттарын, құрылыстарын күрделі жөндеу | Жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін күрделі жөндеуге байланысты шығындар, сондай-ақ республикалық немесе коммуналдық меншікте тұрған жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, мемлекеттік кәсіпорындарды күрделі жөндеу мен қайта жаңғырту үшін қаржыландыру. | |
| | | | 421, 422–ерекшеліктер бойынша көрсетілмеген басқа да объектілерді күрделі жөндеуге арналған шығындар. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 429 | Өзге де негізгі қаражатты күрделі жөндеу | Сондай-ақ осы ерекшелік бойынша машиналар мен жабдықтарды жаңғыртуға арналған шығындар көрсетіледі. | |
| 430 | | **Дамуға бағытталған күрделі шығындар** | Осы кіші сыныпта қолданыстағы объектілердің ( ғимараттар, құрылыстар және олардың кешендері, коммуникациялар) жаңаларын салу және (немесе) өзгерту ( кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, реконструкциялау), оларға байланысты технологиялық және инженерлік жабдықты монтаждау (бұзу), құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларды жасау (өндіру), аяқталмаған объектілер құрылысын консервациялау және өз ресурсын шығарған объектілерді постулизациялау бойынша жұмысты жүзеге асыру арқылы өндірістік және өндірістік емес негізгі қорларды құру бойынша құрылыс қызметіне байланысты барлық шығындар көрсетіледі, сондай-ақ қайта жаңғырту мен күрделі жөндеуден басқа, сол сияқты ақпараттық жүйелерді құруға, енгізуге және дамытуға және бюджеттен бірлесіп қаржыландыру шарттарында концессиялық жобаларды іске асыруға арналған шығындар көрсетіледі. Осы кіші сынып бойынша жобалық ( жобалау-сметалық) құжаттамаларды әзірлеу мен сараптауға арналған шығындар көрсетіледі. Жобалау алдындағы ( техникалық-экономикалық негіздеме) құжаттамаларды әзірлеу мен сараптауға арналған шығындар 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарды төлеу» | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | ерекшелігі бойынша сыныпталады. | |
| | 431 | Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау | Жаңа объектілерді салуға және қолдағы объектілерді реконструкциялауға, оның ішінде күрделі жөндеуден және қайта жаңғыртудан басқа әскери мақсаттағы объектілерге арналған шығындар. | |
| | 432 | Жолдар салу | Күрделі жөндеуден басқа жолдарды салуға арналған шығындар. | |
| | 433 | Кемелерді салу және жеткізу | Кемелерді салу және жеткізу. | |
| | 434 | Ақпараттық жүйелерді құру, енгізу және дамыту | Ақпараттық жүйелерді құру, енгізу және дамыту бойынша қызметтерді төлеуге арналған шығындар, сондай-ақ инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінде көзделген негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтерді сатып алу бойынша шығындар. | |
| | 435 | Мемлекеттік мекемелердің жаңа объектілерін салу және қолдағы бар объектілерін реконструкциялау | Күрделі жөндеуден және қайта жаңғыртудан басқа ғимараттар мен құрылыстарды салу үшін республикалық немесе коммуналдық меншікте тұрған мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыру. | Осы ерекшелік бойынша мемлекеттік мекемелердің қайта жасаған және бұрын жасаған ұзақ мерзімді шарттары бойынша шығыстарды қаржыландыру жүзеге асырылатын болады. |
| | 436 | Бюджеттен бірлесіп қаржыландыру шартында концессиялық жобаларды іске асыру | Бюджеттен бірлесіп қаржыландыру шартында концессиялық жобаларды іске асыруға арналған шығындар. | |
| 440 | **Дамуға арналған нысаналы трансферттер** | | | |
| | 441 | Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлерін дамытуға арналған нысаналы трансферттер | Мемлекеттік басқарудың әртүрлі деңгейлерінің трансферттеріне арналған шығындар. | |
| 450 | **Шетелге күрделі трансферттер** | | | |
| | 451 | Халықаралық ұйымдарға және шетелдік мемлекеттердің үкіметтеріне күрделі трансферттер | Халықаралық ұйымдарға және шет мемлекеттердің үкіметтеріне күрделі мақсаттар үшін берілетін трансферттерге арналған шығындар. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 510 | **Ішкі бюджеттік кредиттер** | | | |
| | 511 | Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған бюджеттік кредиттерді қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарға бюджеттік кредиттер | Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған бюджеттік кредиттерді қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарға бюджет қаражатын қайтарымды негізде беру. | |
| | 512 | Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға жергілікті атқарушы органдарға бюджеттік кредиттер | Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған бюджеттік кредиттерді жергілікті атқарушы органдарға бюджет қаражатын қайтарымды негізде беру. | |
| | 513 | Мамандандырылған ұйымдарға бюджеттік кредиттер | Мамандандырылған ұйымдарға қайтарымды негізде бюджет қаражатын беру. | |
| | 514 | Жеке тұлғаларға бюджеттік кредиттер | Жеке тұлғаларға қайтарымды негізде бюджет қаражатын беру. | |
| | 519 | Өзге де ішкі бюджеттік кредиттер | 511-514-ерекшеліктері бойынша сыныпталмайтын қайтарымда негізде берілетін бюджет қаражаты. | |
| 520 | **Сыртқы бюджеттік кредиттер** | | | |
| | 521 | Шетелдік мемлекеттерге берілетін бюджеттік кредиттер | Шет мемлекеттерге қайтарымды негізде берілетін бюджет қаражаты. | |
| 530 | **Мемлекет кепілгерлігі** | | | |
| | 531 | Мемлекет кепілгерлігі | Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілгерлік шартына сәйкес концессиялық шарт шеңберінде тартылған, қарыз бойынша қарыз беруші алдындағы қарыз алушының борышын толық немесе ішінара өтеу міндеттемесі. | |
| 540 | **Мемлекеттік кепілдік** | | | |
| | 541 | Мемлекеттік кепілдік | Қазақстан Республикасының қарыз алушы резиденті одан тиесілі соманы белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің берешекті толық немесе ішінара өтеуге қарыз берушінің алдындағы міндеттемесі. | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 610 | **Қаржы активтерін сатып алу** | | | |
| | 611 | Заңды тұлғалардың қатысу үлесін, бағалы қағаздарын сатып алу | Заңды тұлғалардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын сатып алуға арналған, мемлекеттік кәсіпорындардан басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға арналған бюджет шығыстары. | |
| | 612 | Квазимемлекеттік сектордың жарғылық капиталын қалыптастыру және ұлғайту | Квазимемлекеттік сектордың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және ұлғайтуға арналған бюджет шығыстары. | |
| 620 | **Елден тысқары жерлерден қаржы активтерін сатып алу** | | | |
| | 621 | Халықаралық ұйымдардың акцияларын сатып алу | Халықаралық ұйымдардың акцияларын сатып алуға арналған бюджет шығыстары. | |
| 710 | **Ішкі қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу** | | | |
| | 711 | Жоғары тұрған бюджет алдында негізгі борышты өтеу | Жоғары тұрған бюджеттен алынатын қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу сомасы. | |
| | 712 | Ішкі нарықта орналастырылған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты өтеу | Ішкі рынокта орналастырылған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борыш сомасын өтеу. | |
| | 713 | Қарыздың ішкі шарты бойынша негізгі борышты өтеу | Ішкі қарыз шарты бойынша негізгі борыш сомасын өтеу. | |
| | 714 | Бюджет кредиттерінің пайдаланылмаған сомаларын қайтару | Жоғарыда тұрған бюджеттен алынған бюджет кредиттерінің мақсатсыз пайдаланылмаған сомасын қайтару. | |
| | 715 | Бюджеттік кредиттерді мақсатсыз пайдаланудың сомаларын қайтару | Жоғарыда тұрған бюджеттен алынған бюджет кредиттерінің пайдаланылған сомасын қайтару. | |
| 720 | **Сыртқы қарыздар бойынша негізгі борышты өтеу** | | | |
| | 721 | Сыртқы нарықта орналастырылған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты өтеу | Сыртқы нарықта орналастырылған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борыш сомасын өтеу. | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 722 | Қарыздың сыртқы шарттары бойынша негізгі борышты өтеу | Сыртқы қарыз шарттары бойынша негізгі борыш сомасын өтеу. | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК